**Төлеби ауданы, Тасарық ауылы**
**«Т.Тоғысбаев атындағы білім беретін мектебі» кмм**

| Бекітемін<br>Мектеп директоры:<br>_________ Ш.Мұнапов<br>«20» _____ 2024 ж. | Келісемін<br>Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары:<br>М.Асилбеков _________<br>«28» 08 2024 ж. |
|---|---|

10 «А,В» сынып оқушыларына арналған

# «English grammar»

атты ағылшын тілінен
факультативті курс жоспары

**Дайындаған:** Ағылшын тілі пәні мұғалімі
Жандарова Айзат Шымырбайқызы

**2024-2025 оқу жылы**

## Кіріспе сөз

«Қазақстан бүкіл әлемдегі халық үш тілді пайдаланатын, мәдениетті ел ретінде танылуға тиіс. Бұлар: қазақ тілі-мемлекеттік тіл, орыс тілі-ұлтаралық қатынас тілі, ағылшын тілі-жаһандық экономикаға ойдағыдай кірігу тілі»

***Н.Ә.Назарбаев***

## Түсінік хат

Ағылшын тілі – XXI ғасырдың тілі. Бұл тіл қазақты дүниеге танытатын, әлемдік деңгейге шығаратын тіл. Еліміздің шет елдермен қарым-қатынасының күшейіп отырған қазіргі заманда оқушылардың шет тіліне қызығуын, білімге құштарлығын ояту, танымдық белсенділігін арттыру басты міндет. Демек, оқушыларымыздың ағылшын тілін білуі – уақыт талабы. Шетел тілі қазіргі кезде заман талабына сай көптеген мектептерде тереңдетіп оқытылуда, жүргізілуде. Бұл оқушы бойында ерте кезеңнен бастап ұлтаралық, мәдениетаралық бірлестікке дайындықтың қалыптасуына тікелей ықпал етеді. Әлемдік өркениетке үлесе білін мемлекетіміздің халықаралық деңгейде әр салада түбегейлі өзгерістер енгізуі, достық, ынтымақтастық қатынастар орнатуы шет тілінің маңыздылығын арттырып отыр. Шетел тілін үйрене отырып оқушы өз білімін шыңдайды, басқа ел туралы көп көлемде мағлұматтар алады, салт – дәстүрін, мәдениетін таниды.

«**Ағылшын грамматикасы**» атты факультативті курс бағдарламасы, тілдің грамматикалық құрылымы туралы негізгі түсінікті тереңдетуді қалайтын 11 сынып оқушыларына арналған. Бұл курсты оқу оқушыларға жоғары талап деңгейінде жұмыс тәжірибесін алуға, білім алу жағынан өз мүмкіндігін бағалауға, оқушылардың оқу үлгісін дамытуға көмек тигізуінде курстың көкейкестілігі көзделеді. Курс аясында алған білімдері шет тілін білуді талап ететін кез келген салада ағылшын тілін әрі қарай меңгеруге пайдалы болады. Сауатты жазып сауатты сөйлеу үшін оқушыға тек қана сөздік қорды молайту жеткіліксіз, сонымен қатар оқушы грамматикалық сауатты болуы шарт. Ағылшын тілінде грамматиканы жақсы үйрену тілді жақсы үйренудің негізгі шарты. Грамматика – тілдің құрылымдық ерекшелігі. Грамматика жоқ жерде тіл туралы айтуға болмайды. Сондықтан грамматиканы жақсы меңгеру - тілдің құрылымдық ерекшеліктерін танымдық жақтан дәл анық түсіндіру. Осы орайда ағылшын тілін тереңдетілген бағытта оқитын сынып оқушыларының базалық білім деңгейін

тереңдетіп оқыту мақсатында негізгі стандартқа сәйкес келетін авторлық

бағдарлама құрылды. Бұл бағдарламалық курстың оқушыға пайдасы зор. Бағдарламада берілген грамматикалық тақырыптарды меңгере отырып оқушы оны іс жүзінде көрсетіп, жеке тапсырмалар арқылы бекітеді.

**Мақсаты** - ағылшын тілі грамматикасы бойынша білімдерін тереңдету, ағылшын етістігінің ерекшеліктерімен таныстыру арқылы білімдерін кеңейту. Сонымен қатар, ағылшын тілінде сөйлей білуге үйрету, ағылшын тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру, өзіне берілген сұрақты тыңдап, түсініп, қысқа жауап беруге белгілі бір дәрежеде жүйелі сөйлей білуге, диалог түрінде әңгімелесе білуге үйрету.

**Міндеттері:**

- ағылшын тілінің негізгі грамматикалық құбылыстары туралы білімдерін тереңдету;
- қажетті ақпаратты табу және қолдану біліктіліктерін қалыптастыру және дамыту;
- ой ұшқырлығын дамыту;
- тест тапсырмаларын табысты орындау үшін қажетті білік, дағдыларын қалыптастыру;
- өз оқу әрекетінің нәтижесін объективті бағалау және талдау жасауға үйрету;
- сөздік қорын дамыту;
- грамматикалық тақырыптарды меңгерту, етістікке қарап сөйлемдегі шақты, жұрнақ, жалғауды ажырата білу;
- есімдіктерді дұрыс қолдана білуін үйрету;
- оқушылардың шығармашылық потенциалын дамыту.

### Оқыту барысында қолданылатын инновациялық- педагогикалық технологиялар, әдіс – тәсілдер, оқу процесінің жалпы сипаттамалары.

Факультативті сабақтарда тек бір ғана әдіс- тәсіл емес, оқушы құзыреттілігін дамытуда үлкен әсер ететін әдіс - тәсілдердің жиынтығы қолданылады.

1. Дамыта оқыту технологиясы. Сабақтарда технологияның принциптері жүзеге асады:

✓Жоғары деңгейлі қиындықта оқыту.

✓Оқушылардың білік дағдыларын қолдана отырып, теориялық, практикалық біліміне көп көңіл бөлу.

✓Оқыту барысының әртүрлі жағдайларында оқушылармен кері байланыс орнату

✓Оқушылардың жеке ойлау қабілетін дамыту жүзеге асырылады: анализ жасау, синтездеу, салыст[illegible] қорытындылау.

2. Оқытуда болатын кедергілер.
Берілген материалдарды меңгеруде проблемалық ситуциялық кезеңсеті, бұдан шығу жолдары оқушылардың ізденушілігі арқылы жүзеге асады. Оқушылардың өз беттерімен жұмыстануы үшін деңгейлік және күрделі тапсырмалар қолданылады.

3. Ақпараттық – коммуникативті технологиялар. Ағылшын тілі сабақтарында АКТ – ны пайдаланудың басты мақсаттары:

- ✓ тілді оқытуда оқушы мотивациясын көтеру
- ✓ лингвистикалық білімдерінің көлемін ұлғайту.
- ✓ Оқытылып отырған тілдің грамматикасы жайлы білімдерін толықтыру.
- ✓ Оқушылардың ағылшын тілін өз бетінше оқуы мен қабілетін дамыту.

1. Денсаулық сақтау технологиясы. Бұл өмір қауіпсіздігін сақтау,санитарлық-гигиена талаптарын сақтау. Оқушылардың қимыл қозғалыстарын жүзеге асыру

2. Топтық технологиялар. Сабақтарда оқушыларды топқа бөліп, жұмыстану жүзеге асырылады.Бұндай жұмыстану оқушылардың белсенділігін, берілген тақырыпты жоғарғы деңгейде түсінулеріне ықпал етеді. Топта жұмыс жасау оқушылардың бірлесе, ынтымақтаса жұмыстануына, коммуникативтіліктерін құрылымдауына негізделген. Сабақтарда сонымен қатар АКТ – ны қолданумен байланысты әдістер қолданылады.

- ✓ Оқытудың ауызша әдістері (түсіндірме, әңгімелесу, лекция)
- ✓ Түсіндірмелі – көрнекілікті әдістер ( бақылау, көрнекіліктер, презентациялар)
- ✓ Практикалық әдістер (ауызша және жазбаша тапсырмалар)

**Күтілетін нәтижелер:**

- Белгілі бір шақтарға байланысты сөйлемдерді қатесіз сауатты жазу.
- Фразалық етістіктерді, демеуліктерді, есептік, реттік сан есімдерді,
- сын есімнің шырайларын дұрыс қолдана білу.
- Сөйлемде түбірді, үстеуді ажырата білу
- Төл сөз бен автор сөзінде шақтарды дұрыс байланыстыра білу
- Ағылшын мақал- мәтелдерінің қазақша баламасын меңгеру
- Оқытылып отырған ел бойынша ұлттық нақыштары мен сол елдің рәміздерін салт-дәстүрін, мерекелерін, басқару органдарын білу.

**Курс соңында оқушылар:**

- ағылшын тілің негізгі грамматикалық құбылыстарын ажырата алуға және қолдануға;
- лексико - грамматикалық тапсырмаларды орындауға;
- қиындықтарға тап болған кезде әртүрлі шығу стратегияларын қолдануға үйренеді.

**Курстың мазмұны мен құрылымы:**
Факультативті курс бағдарламасы аптасына 1 сағаттан, 1 жылға
(34 сағат) арналған.

**Бақылау түрлері:**

- грамматикалық тесттер;
- грамматикалық тапсырмалар;

| Р/с | Тақырыбы | Сағат саны | Мерзімі |
|---|---|---|---|
| | | | |
| | **Unit I** | | |
| 1 | Present Simple Positive /Negative | 1 | 06.09.2024 |
| 2 | Present Simple Question | 1 | 13.09.2024 |
| 3 | Past Simple Positive | 1 | 20.09.2024 |
| 4 | Past Simple Negative \ Question | 1 | 27.09.2024 |
| 5 | Future Simple Positive \ Negative \Question | 1 | 04.10.2024 |
| 6 | Present Continuous Positive\ Negative \Question | 1 | 11.10.2024 |
| 7 | Past Continuous Positive\ Negative \Question | 1 | 18.10.2024 |
| 8 | Past Simple vs Past Continuous | 1 | 08.11.2024 |
| 9 | Adjective | 1 | 15.11.2024 |
| 10 | Two or more syllable adjectives | 1 | 22.11.2024 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 11 | Irregular adjectives | | |
| 12 | Present Perfect just, already | 1 | 29.11.2024 |
| 13 | Present Perfect ever, never, yet | 1 | 06.12.2024 |
| 14 | Present Perfect since ,for | 1 | 13.12.2024 |
| 15 | Present Simple. Past Simple, Future simple Passive | 1 | 20.12.2024 |
| 16 | Practice | 1 | 27.12.2024 |
| 17 | Present Continuous, Past Continuous, Present Perfect Passive | 1 | |
| 18 | Practice | 1 | |
| 19 | Past perfect . Infinitive ,Modal verbs Passive | 1 | |
| 20 | Practice | 1 | |
| 21 | Reported Statements | 1 | |
| 22 | Practice | 1 | |
| 23 | Reported Commands, requests, suggestions | 1 | |
| 24 | Practice | 1 | |
| 25 | Reported verbs | 1 | |
| 26 | Practice | 1 | |
| 27 | Reported Speech | 1 | |
| 28 | Practice | 1 | |
| 29 | Reported questions | 1 | |
| 30 | Zero Conditional | 1 | |
| 31 | First Conditional | 1 | |
| 32 | Second Conditional | 1 | |
| 33 | Third Conditional | 1 | |
| 34 | Third Conditional | 1 | |
| 35 | Fourth Conditional | 1 | |
| 36 | Practice | 1 | |